



Бекітемін:

№20 «Жайна» бөбекжай - балабақшасының

менгерушісі

Г.Тлеубергенова

«Ұлы Жеңіс!»

7мамыр мерекесі

Тобы: «Балбөбек» ортаңғы

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Ұлы Жеңіс»

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оны қорғауға баулу. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу. Өнге деген қызығушылықтарын ояту, ән туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысына қатысқан Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова Бауыржан Момышұлы сияқты батырлар суреттері. Плакаттар. Көгершін құсы, текшелер.

Балалар осында біздің өнерлерімізді көреміз деп апайларымыз келіп отыр екен апайларымызбен амандасып алайықшы балалар

Біз — көңілді баламыз,

Өнер құған дарамыз.

Өнге салып әдемі

Би де билеп аламыз.

— Жарайсыңдар балалар,

Балалар бүгінгі біздің сабағымыз Ұлы Жеңіс күніне арналып отыр. Отанымыз жаулардан азат етілген күн. Бұл Жеңіс бізге оңай келген жоқ. Соғыста біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында көптеген млн қазақстандықтар болған. Ат ауыздығымен су ішкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы Бауыржан Момышұлы атамыз да сол соғыста болған.

Жау жеңілді ақыры

Атты бейбіт таң күліп,

Әлия мен Мәншүкті

Ұмытпайды ел мәңгілік.

Қайсарлық пен өшпес ерлік көрсеткен қазақтың қаһарманы Әлия мен Мәншүкті біз ешқашан ұмытпаймыз. Өлшеусіз өжеттілік пен жеңіске мұқалмас ерлік-жігер танытқан қос қарлығаш біздің міңгілік жүрегімізде сақталады.

Осы осы соғыста болған ата – бабаларымызды, апкелерімізді еске алып 1 минут үнсіздік жарялайық. Орнымыздан тұрайық балалар.

Жарайсыңдар балалар, енді «Мәңгі алауға» гүл шоқтарыңызды қойыңыздар Міне балалар бүгінгі осы Ұлы Жеңіс жолында, Отан үшін жан беріп ерлік көрсеткен аға, апкелерімізге арнап тақпақтар айтып берейікші балалар.

Гүлсезім

Мәншүк апай батыр қыз

Ардақтаймыз атын біз

Ұқсап Мәншүк апайға

Өсіп келе жатырмыз.

Ақбота

Әлия орыс қаласын

Азат етіп болды мерт

Ол жеңісті көрген жоқ

Келді кейін азат күн

Бірақ мәңгі өлген жоқ
Батыр қызы қазақтың.

Сағыныш

Отан үшін от кешкен
Жүректерін оқ тескен
Қайсар батыр бабалар
Асыл антын серт еткен.

Айсезім

Арылтып жаудан жерінді
Табанға жаншып өмірді
Жеңіспен желпіп өмірді
Оралды ерлер көңілді
Десендер бұл қай күні
Тоғызыншы мамыр күні.

Нұрислам

Бақыт силап жатады әр күн
Санамызға жарық берген
Әкелер мен аталардың
Бұл Жеңісті алып келген.

Айару

Сарғая күткен ұлы күн
Шұғыласы бүгін жарқ етті
Бағына талай миллионның
Баянды Жеңіс күн жетті.

Керемет балалар, біздің балалардың Жеңіс күніне арналған, аға апкелеріне арналған тақпақтары көп екен.

Енді балалар мына суреттер ішінен кім көрсетеді Әлия апамыздың суретін. Мәншүк апамызды қайсы?

Бауыржан Момышұлы атамызды кім көрсетеді?

Жарайсыңдар балалар!

Әр қашан күн сөнбесін.

Аспаннан бұлт төнбесін.

Қасымда болсын мамам

Болайын мен де аман. Жарайсыңдар балалар.

Музыкалық — ырғақты қимылдар

(«Ақ көгершін» әніне қимылдар жасатып билету)

— Балалар, көгершін қандай құс? Ол бейбітшіліктің, тыныштықтың, ынтымақтың құсы екен. Бүгін біз осында отырған қонақтарымызға «Ақ көгершін» әніне ырғақты қимылдарды қолданып би билеп берейікші.

Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса көгершін құсымен бірге би қимылдарын орындауға шақырамын.

— Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларына ықпал етемін.

Керемет балалар. «Ақ көгершін» әніне би де билеп алдық енді біздер балалар дауыс жаттығуын жасап алайықшы.

Балалар, сонау соғыс уақытында кеуделерін оққа тосып ыстық аптапқа да, суық аязға да шыдап туған жерімізді Отанымызды жаудан қорғап, бізге бейбітшілік өмір сыйлаған ата бабаларымыздың ерліктерін мәңгі ұмытпаймыз. Солардың арқасында біздің ата-әжеміз, ата-анамыз, бауырларымыз қасымызда, өміріміз шаттыққа толы, Отанымыз тыныш, аспанымыз ашық, бақытты өмір сүрудеміз.

Балалар шеңбер болып тұрамыз. Ойынның аты «Біздің саяхат» деп аталады. Осы

кұрттай ғана шеңбер бойында біз кішігірім саяхат құрамыз. Мен айтып тұрамын. Көз алдарыңа елестетіп, қимыл қозғалыстарды орындайсыңдар жарайма Жарайсыңдар балалар!

Сабақты қорытындылап пысықтау:

Балалар бүгінгі сабағымыз не жөнінде болды?

Жеңіс күніне.

Соғыс кезінде Отанын қорғауға қыздарда барған екен кім екен олар?

Қандай ән тыңдадық?

Кішкене болсақ та біз атамекенімізді Қазақстан Отанымызды қорғауға әзірміз дейді. Әр бір Отаным Қазақстан деп жүрегі соққан азамат елін, жерін қорғап сүйіп өту парызымыз екен!

Керемет балалар, сабаққа сондай жақсы қатыстыңдар?

Биді де адемі билеп, әнді де жақсы айттыңдар жарайсыңдар балалар. Ешқашан соғыс болмасын. От басымыз, ата – анамыз, аға әпкелеріміз, бауырларымыз аман. Заманымыз тыныш. Әр қашанда осылай көңілді, бақытты болып жүрулеріңе тілектеспін. Осымен сабағымыз аяқталды.

Апайлармен қоштасайық балалар, орнымыздан тұрайық.

Сұм соғыс қайтіп болмасын

Бәйшешектер солмасын

Еліміз бейбіт күн кешіп,

Бір Алла өзі қолдасын.

Бірлікпен күн кешіп,

Бейбітшілік орнасын.

Қош сау болыңыздар апайлар!

ЖЕҢІС КҮНІ



Бекітемін:

№20 «Жайна» бөбекжай - балабақшасының
менгерушісі: Г.Тлеубергенова

менгерушісі: Г.Тлеубергенова

8 наурыз мерекесі

Тобы: «Балбөбек» ортаңғы

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:

Тақырыбы: «Ана өмір шуағы!»

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі келіп жетті. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес. Аналар, әріптестер мерекелеріңіз құтты болсын.

Ана дейміз бәрімізде аңқылдап,
Ана дейді жас сәби де жарқылдап
Ана деген бәйтерегі өмірдің
Ана деген алтын қазық, алтын бақ.

Бүгінгі «Ана өмірдің шуағы» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Хор: Ақ мамам.

Баласы үшін анасы
Күндері аз ғой көз ілген
Аяулы ана қарыздармын өзіңе
Жүрегінен күн мейірімі төгілген – дей келе аналарымызға және әпкелерімізге арналған тақпақтарымызға кезек береміз.

Рахым

Баланың да тірегі
Дананың да тірегі
Шаршамасын ешқашан
Аналардың жүрегі
Сырлас

Ақ жүректі сақтаған
Жарқын жүзін бақ маған
Ақ бетіннен сүйемін
Келші, келші ақ мамам

Сұлтан

Шалқып тасып әніміз
Жадырасын жанымыз
Ана сені құттықтап
Әндетеміз бәріміз

Би: Қамажай. Қыздар биі.

Би: «Аспазшылар» биі орындайтын бір топ қыздар

Ойын: «Сұрақ-жауап». Ал құрметті ата-аналар! Сіздермен бірге қызық ойын ойнасақ. 5 ана ортаға шығып берілген тапсырмаларды орындайды.

Жүре берем қасында

Әйбат анам ай анам

Ботам деген досыңнан

Айналайын ақ мамам

Би: Флешмоб орындайтын бір топ ұлдар

Ән: «Әжемнің шәйі» Гүлсезім мен Айару

Жанерке

Күнім жаным дегені
Құлыншағым дегені
Ботақаным дегені
Қошақаным дегені
Ойлап тапқан аналар

Айсұлтан

Ананың біз гүліміз
Ана біздің күніміз

Ұландарды қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз.

Би. «Қуыршақ» биі. Айжүзік пен Інжу

Хор: «Айналайын ақ мамам»

Аналар қалқып бақыт аралында,

Лайым мұн қонбасын жанарыңа

Осымен кешімізді аяқтайық

Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі «Ана-өмірдің шуағы»

атты ертеңгілігіміз аяқталды. Ардақты аналар мейрамдарыңыз құтты болсын! Сау саламатта болыңыздар! Балалар хормен: «Анамызға мың алғыс» деп айтады.

АНА ӨМІР ШЫРАҒЫ



Бекітемін:
№20 «Жайна» бөбекжай - балабақшасының
менгерушісі:  Е.Тлеубергенава



«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Тобы: «Балбөбек» ортаңғы

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұмат беру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір – біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Танымдық қабілеттерін дамыту.

Әдіс – тәсілдері: Ән айту, би билеу, мерекелік қойылымдарды сахналау.

Жүргізуші: Құрметті біздің бөбектеріміз, қонақтар, ұжымдастар! Барлығыңыз да бүгінгі шырша тойына қош келдіңіздер! Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Жаңа жыл тек табыс, береке, бірлік әкелсін. Олай болса бүгінгі шыршамызға сән беретін мерекелік шеруімізді бастайық.

Жаңа жыл келді, о, міне,
Далама, қалама, жеріме.
Шаттыққа бөлеп әр үйді,
Шыға ғой менің төріме.
(Сықыршы шығады)

Сықыршы: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Міне, менде сіздердің мерекелеріңе келдім. Сіздерге жетем дегенше, орманнан өтіп бара жатып, жолдан осы әдемі қолғапты тауып алдым. (Балаларға көрсетіп) кім жоғалтып алуы мүмкін, білмеймін?

Жүргізуші: Мүмкін, балалардың біреуі жоғалтып алған шығар. Балалар мына қолғап сендердің біреулеріңдікі емеспе?

Балалар: Біздікі емес.

Сықыршы: Балалар, сендерге қарасам өнерлі балалар сияқтысыңдар?

Жүргізуші: Иә, сықыршы дұрыс айтасың, расында біздің балалар шетінен өнерлі.

Хор: «Шырша жыры»

Сықыршы: Жарайсыңдар, балалар!

Жүргізуші: Сықыршы сен қолғапты орманнан таптың ба? Демек орманға бару керек. Жол табу керек. Орманға біз шаңғымен барамыз. (Балалар жұптасып шыршаны айналады. Орындарына отырады. Әуен ойналып, қоян секіріп келеді.)

Жүргізуші: Ой, мынау не? – балалар

Балалар: Бұл қоян ғой.

Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын.

Жүргізуші: Қош келдің қоян. Сен қолғаптың екінші сыңарын көрген жоқсың ба?

Қоян: Жоқ, көрген жоқпын.

Жүргізуші: Енді не істейміз?

Сықыршы: Қазір мен барлық балаларды Санта клаусқа айналдырып жіберемін. (Сықырлы таяғымен балаларды санта клаусқа айналдырып жібереді).

Жүргізуші: Қане, Санта клаустар, бірігіп билеп қолғапты табыңдар.

Би: «Гномдар биі» Орындайтындар: Бір топ бүлдіршіндер.

Сықыршы: Жарайсыңдар, балалар! Жақсылап би биледіңдер. Бірақ қолғап әлі табылған жоқ.

Жүргізуші: Мен білемін біздерге қолғапты табуға Аққала көмектесуі мүмкін. Олай болса Аққаланы шақырайық.

Аққала: Сәлеметсіңдер ме, балақайлар! Мен көңілді Аққаламын. Ойын – күлкі әкелдім. Бақыт, қуаныш сыйлаймын.

Жүргізуші: Қош келдің, Аққала! Біздің басымызға қиындық түсіп, көмек керек. Қолғаптың бір сыңары жоқ.

Аққала: Мен сендерге көмектесемін, бірақ қоян досымның өнерін тамашалауым керек.

Қоян: Жарайды, менің өнерімді көргің келсе, мен балалар мен би билеп берейін. Бірақ, сізде бізге қосылыңыз.

Би: «Қояндар» Орындайтындар: бір топ балалар.

Жүргізуші: Ой, балалар қараңдар,

Сықырлы үйді қараңдар.

Жарығы жанып тұр,

Терезесін қағайын.

Кім тұратынын сұрайын

Сиқыршы: Кім екен мұнда тұратын. М-м-м мұнда тұратын сенсіңбе, Ақшақар. (Үйінен Ақшақар шығады)

Ақшақар: Сәлеметсіздер ме, балалар! Сендер қандай әдемісіңдер. Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын.

Жүргізуші: Құрметті Ақшақар сізді Жаңа жыл мерекесіне шақырамыз.

Ақшақар: Мен билегенді ұнатамын. Орманда түлкімен серуендеп жүріп қолғабымды жоғалтып алдым.

Сиқыршы: Балаларға қонаққа келе жатып, қолғап тауып алдым, қолғабыңды ала ғой. Біз кеш басталғалы балалармен бірігіп осы қолғапатың иесін таппай әуре болдық.

Ақшақар: Көп рахмет сіздерге балақайлар.

Жүргізуші: Ақшақар, балаларымыздың дайындап келген биі бар, бірге билеңіз.

«Ақшақарлар биі!» Орындайтындар: Сағыныш, Анель, Айлин

Ақшақар: Балалар, Аяз ата әлі келген жоқ па?

Балалар: Жоқ. Келген жоқ.

Сиқыршы: Мен білемін. Аяз ата балабақшаға келеді. Мен қазір Аяз атаны сиқырымен ертіп келемін. (Әуен қосылып, сиқыршы, Жыланды, Аяз атаны ертіп келеді)

Балалар: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата.

Аяз ата: Мен көңілді Аяз атамын. Құрметті балалар, сәлеметсіздер ме, қыздар мен ұлдар.

Аяулы аналарға

Аяулы ұл қыздарға

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жақсы жүздерің

Қандай әсем жырларың

Асулармен алысқан

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан

Ақшақар: Балалар сізді күткен еді Ата. Сіз шаршаған боларсыз, дем алыңыз. Алыстан келдіңіз ғой.

Аяз ата: Иә, мен дем алайын, бірақ сендердің өнерлеріңді тамашалағым келеді..

Жүргізуші: Сенде қош келдің Жылан жылы. Біздің балалар сіздерге арнап өз өнерлерін көрсетеді.

Әлде қарлы, боранды,

Тау басынан түстіме.

Аяз ата оралды,

Ақ тон киіп үстіне.

Мұздан моншақ тағынып,

Күміс алқа малынып.

Ортада тұр Ақшақар,

Көптен күткен сағынып.

Сіздердің құрметтеріңізге Сағыныш пен Жангүлімнің орындауында «Жаңа жыл қарсы алайық» әнін тарту етеміз.

Сиқыршы: Балалар, біздің шыршамыз көңілсіз, жабырқаулы. Қане барлығымыз бірге үрлеп шыршаның шамдарын жағайық.

Жүргізуші: Аяз ата сіздің 2024 Ұлуды жылыңыз қайда?

Аяз ата: Менің ескі жылым Ұлу қайда екен, көрдіңдер ме? (Балалар арасынан секіріп шығады.)

Қоян:

Мен тағы бір қонақпын

12 жылда оралар

Үлкендерге, ақ ниет

Сіздерге де, ақ ниет

Сіздерге де мың рахмет!

Мен ескі жылмын сіздерге, молшылық, бақыт әкелдім.

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан

Тілегім мәңгі болсын ашық аспан
2024 жылға қадам басқан
Гүлденіп көркейе бер Қазақстан!
Келесі жыл бастауын ұлуға беремін.

Жүргізуші:

Ескі жыл Қоян жылы саған мың алғыс.
Келді міне, Жаңа жыл аппақ болып
Ән болып, жұмбақ блып, таппақ болып
Ауламыздың тұсына қонып жатыр
Аяз болып, мұз болып, қатқақ болып.

(Ұлу жылы шығады)

Аяз ата: Жылан, 2025 жылым мында келе гой.

Жылан Армысыздар, балалар,

Бармысыздар, халайық
Жаксылыққа бағыт алған.
Жыланмын, мен Жаңа жыл
Жаңа жылдың мерекесін
Мерекеге жалғаймын
Елде, жерде, табиғатта
Бақыт жолды қолдаймын.

Аяз ата: Қонысың, құтты болсын Жылан жылы, 2025 жыл саған аманат, келер жыл.

Жүргізуші: Жаңа жылға арнап, тамаша биімізді тарту етеміз

Шырша биі: Орындайтын: Бір топ қыздар

Жүргізуші: Жаңа жыл бірлік берсін елімізге

Береке ырыс келсін жерімізге – демекші, мерекелік таппақтарға кезек берсек.

Айсезім

Жаңа жыл Жаңа жыл Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Рахым

Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағылған
Міне сұлу шыршамыз
Коптен күтіп сағынған

Сырлас

Аппақ тоңға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып

Бауыржан Арман

Тамаша сый алып
Келді Аяз атамыз
Шаттанып қуанып
Шырқап ән айтамыз
Ал, Ақшақар қалықта,
Қалықтаудан жалықпа
Ақ қанатың желбіреп,
Өнер көрсет халыққа

Ән: «Жаңа жыл» Орындайтын: Ақшақар

Аққала: Қоян сенің Нұрай қызың өнерлі екен. Менің балаларымда таппақтарды жақсы айтады. Тыңдап көр.

Аяз ата: Ал енді қонақтар біздің қайтар уақытымыз таяды. Сендердің көп өнерлеріңді тамашаладым, өте өнерлі балалар екенсіңдер. Сендер, алдағы 2025 жылда ақылды, білімді,

ұйымшыл, мейірімді балалар болып өсіңдер. Жаңа келіп жатқан жап – жаңа жылдарыңыз тек қуанышымен, шаттығымен, байлығымен келсін. Менің 2024 Ұлу Жылан жылым жүре гой, сені өзіммен бірге ерте кетіп, тарих қойнауына қалдырайын. Менің балаларға әкелген мол сыйымды сайқымазаққа аманат етейін, өзің балақайларыма үлестіріп бер. (Аяз ата, Ақпақармен қоштасу.)

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын, деген сөз
Қанаттанып кең әлемге тарайды-дей келе Айғаным, Асылым, Айғанттың орындауындағы
«Қуыршақтар» биін қабыл алыңыздар.
Жаңа жыл бірлік берсін елімізге
Береке, ырыс келсін жерімізге
Қыспақты пейіліміз жеңіп шығып

Қуаныш шашу шашсын төрімізге – дей келе, бүгінгі **«Айгөлек»** ересек тобының Жаңа жылдық, мерекелік кеші осымен тәмам. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көптен – көп рахмет.
Хор: Шырша жыры

"Қош келдің Жаңа жыл"



Бекітемін:

№20 «Жайна» бөбек

менгерушісі:  Т.Т.

менгерушісі:  Г.Тлеубергенова

«Республика күні»

Тәрбиеші: Едігеева Назерке

2024-2025 оқу жылы

«Мәңгілік ел» сурет байқауы

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және №20

«Жайна» бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні

Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға

отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік
шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау

қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан

дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі

өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп,

оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз

Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы

тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,

Тоқтамайды дүбір әні.

Мәңгі бақи шырқалады,

Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Осы кезде ортаға саяхатшы кіріп келеді.

Саяхатшы:- Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Жүргізуші:- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Саяхатшы:- Мен ел аралап жүрген саяхатшымын. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуші:- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика ұлттық мереке күніне арналған ертеңгілік өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Саяхатшы:- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:- Қазақстан Республикасы.

Саяхатшы:- Президенттерің кім?

Балалар:- Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саяхатшы:- Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар:- Ашық аспандай көгілдір туымыз бар,

Мағыналы ән ұранымыз бар,

Қасиетті бой тұмар елтаңбамыз бар.

Саяхатшы:- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендерінді қалай дәлелдейсіңдер?

Жүргізуші:- Біздің балалар «Мәңгілік ел» тақырыбында сурет салып, сізге дәлелдейтін болады. Олай болса, құрметті бүлдіршіндер ортаға сурет салу байқауына қатысушы балаларды шақырамыз. Балалардың өнеріне әділ бағасын беретін төрешілерді таныстыра кетейін.

Әділ қазы мүшелері:

Сурет салуға қатысатын балалар ортаға мольберттерге жайғасады.

Жүргізуші: Қатысушы бүлдіршіндерге сәттілік тілейміз. Ал, саяхатшы балалар суреттерін аяқтағанша бізбен бірге балалардың өнерін тамашала.

Саяхатшы: Жарайды. (орындыққа барып отырады)

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ!-дей келе, келесі кезекті балалардың

тақпақтарына береміз.

Сұлтан:

Республика күнінде,

Ән айтамыз, билейміз.

Қайғы жұтып, алаңдап,
Мұңаюды білмейміз.

Ғаламат:

Балалармыз бақытты,
Мерекені тойлайтын.
Республика күнінде,
Бар жақсыны ойлайтын.

Адина:

Мен бақытты баламын,
Айтқан тілді аламын.
Республика күнінде,
Жұлдыз болып жанамын.

Айтұмар:

Республика күні бұл,
Шаттығымды көбейтер.
Қазағымның үні бұл,
Тынысымды кеңейтер.

Саяхатшы: Әп, бәрекелді!

Жүргізуші:- Балалар мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Айтыңдаршы балалар біздің қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

Балалар жауап береді. Арқан тартыс

Жүргізуші: Тамаша, олай болса, ортаға жігіттерімізді шақырып, Иық тіресу ойнайық.

«Иық тіресу» ойыны

Шарты: ортада шеңбер қойылады. Балалар сол шеңбер ішіне кіріп, тұрады. Белгі берілген кезде шеңбердегі балалар бір бірлерін иықтары арқылы итеріп шеңберден шығару керек. Шеңберден шыққан бала жеңіледі.

Саяхатшы: Тууу, недеген күшті балалар! Рахмет, сендерге. Көңілім бір көтеріліп қалды. Мына қазақ елінің балалары шетінен өнерлі екен.

Мына жақта сурет салып отырған балаларға да қарайықшы. Аяқтап қалған секілді.

Жүргізуші мен саяхатшы балалардың жанына барып, қандай сурет салып отырғанын сұрайды.

Жүргізуші: Балалар, суретші достарымызға қолдау көрсетіп, бір керемет ән шырқап жіберсек қалай қарайсыңдар?

Балалар: Я, әрине.

Хор: «Отан»

Жүргізуші:-Сән — салтанат жасайық,
Күйсандықты ашайық.

Бұл мерекеде ортаға
суретші балаларды шақырайық –деп ортаға № «Жайна» бөбекжай
бақшамыздың суретші бүлдіршіндерін қошеметпен шақырамыз.

Ортаға сурет салған балалар суреттерін алып шығады. Салған суреттері
туралы айтып береді.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар! Өнерлерің өрге жүзсін. Марапаттау
үшін ортаға әділ қазы мүшелерін шақырайық.

Марапаттау.

Саяхатшы:- Жарайсыңдар балалар, өркендерің өссін, талаптарың оң
болсын. Енді меніңде қайтатын уақытым болды. Сендерге тілейтінім
білімді, ақылды, елін қорғайтын азамат болыңдар. Жігіттер ер жүректі
батыр болсын, қыздар көрікті, сұлу-сымбатты, абыройлы болсын.
Көріскенше сау болыңдар балалар!


Балалар- Рахмет сізге Саяхатшы аға, сау болыңыз!

(Саяхатшы балалармен қоштасып шығып кетеді.)

Жүргізуші:- Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне
бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын -
дейміз! Сау болыңыздар!!!!

(Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)

МӘҢГІЛІК ел"



"Балбөбек" тобы

Бекітемін:

№20 «Жайна» бөбекжай - балабақшасының

менгерушісі  Г.Тлеубергенова



«Әз наурыз құтты болсын!»

«22 Наурыз мерекесі»

Тобы: «Балбөбек» ортаңғы

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Әз наурыз құтты болсын»

Мақсаты: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Наурыздың 22 — сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін таныстыру. Ұлттық салт — дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ата-аналар, Жайна балабақшасының ұжымы және менің сүйікті кішкентай бүлдіршіндерім. Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні жыл басы наурыз мерекесімен құттықтаймын. Жыл басы наурыз баршаңызға жаңа бақыт, жаңа табыс, денсаулық әкелсін.

Наурыз қайтып оралды аты да аңыз

Сұрамаймыз алғыс та, ақы да біз

Үй дастархан думанымыз сахнамыз

Ұлы мейрам наурызға шақырамыз. «Балбөбек» ортаңғы тобының «Әз Наурыз құтты болсын» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,

Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем

Жарығымен, шуағымен Күн — Ана

Алып келдің жер бетіне нұр көктем!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз — қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күн мен түн теңелетін мереке. Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге, адамдардың да өмірі жандалады, жайнай түседі. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Олай болса Ұлыстың ұлы күніне арналған ертеңгілігімізді қазақ халқының ұлттық биі «Қаражорға» биімен ашқымыз келіп отыр

Би: «Қаражорға»

Жүргізуші:

Наурыз тойы — мерекесі ұлтымның

Берекесі ырысы мен құтымның

Тәуелсіздік думанымен бірге келген

Ұлы күні, ұлыс күні жұртымның — дей келе бүгінгі мерекеге жылы лебізін білдіру үшін және ертеңгілігімізді ашу үшін құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі: Гулмира апайымызға береміз.

Жүргізуші:

Наурыз біздің әніміз

Салтанатты сәніміз

Наурыз тойда қуанып

Ән салайық бәріміз-деп орындалар әніміз барша қонақтардың құрметіне

Ән: «Әз Наурыз» Орындайтын: Адина Айғаным

Жүргізуші:

Құтты болсын мерекесі болашақтың

Өмірге үмітпенен жол ашатын

Сәби үні күлкісімен шаттық болып

Гойлансын мерекесі болашақтың — деп кезекті бүлдіршіндеріміздің мерекелік тақпақтарына берсек

Алнұр

Кыл басы наурыз мереке

Ақ нұрға әлем боялды

Наурыз тойы береке

Тіршілік жаңа оянды

Алихан

Қыс өтіп, қар кетіп,

Пырайлы жаз жетіп,

Паруаның кенелген

Мейрамы ежелден —

Құтты болсын, Наурыз!

Рахым

Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсың халайық!

Қане, достар, қане, достар,

Шырқап әнге салайық.

Айтұмар

Көктем келді, балақай,

Жасарды жер, алақай.

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге салайық.

Жүргізуші:

Мың бұралып би билеп

Шығамыз біз ортаға

Бүгінгі той тамаша

Қуанамыз балаша – дей келе кезекті балаларымыздың «Бозжорға биіне береміз.

Жүргізуші:

Бала деген болашақтың арайы

Балабақша сол бастаудың сарайы

Кіп-кішкене бүлдіршіндер әндерін

Көрермендер тек сіздерге арнайды

Ән: «Анашым, Ана-жаным» Орындайтын: Санжар Ғаламат

О, жараңдар, жараңдар

Енді маған қараңдар

Наурыз тойын тойлайық

Қызық ойын ойнайық – кезекті ата-аналарымызбен ойынға берсек

Қыдыр ата қай күні келетін болған? (21 наурыз)

Наурыз көже қалай жасалады? (7 немесе 9 түрлі тағамнан)

Ұлттық тағамдарды ата? (бауырсақ, қазы- қарта, құрт, ірімшік, айран, май)

Көктемнің алғашқы гүлдері қандай? (Бәйшешек, жауқазын)

Қазақтың қандай дәстүрлері бар? (Тұсау кесер, бесік той, сырға салу, қыз ұзату)

Киіз үйдің құрылысы (Шаңырақ, уық, кереге)

қандай тыйым сөздер бар? (Есікті теппе, табалдырықты баспа, нан қоқымын шашпа, малды теппе)

Қандай ұлттық ойындар бар? (қыз қуу, теңге алу, ақсүйек, алтыбақан теңге алу)

Жүргізуші:

Сымбатты да өнерлі

Қайратты да жігерлі

Біздің топтың қыздары

Қамажай биін билейді.

Би: «Қамажай» орындайтын бір топ қыздар

Күргізуші:

Аіне нурыз мерекесінің ерекше мейрам екеніне тағы да бір көзіміз жетті. Күн мен түн теңелді, жер туакқа кенелді.

Енді көктем нұрымен

Наурыз тойы жырымен

Сөніл гүлдей жайнасын

Наурыз тойы тойлансын

Ән: «Наурыз»

Орындайтын: Сырлас

Күргізуші:

Ей балалар, балалар,

Енді маған қараңдар.

Наурызды тойлайық,

Қызық ойын ойнайық.

Қане олай болса жігіттеріміздің күштерін сынап көрейік.

Ойын: «Арқан тартыс»

Жүргізуші:

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз жарысып

Би билейміз бәріміз – деп кезекті биге берсек. Би: «Бипыл-бипыл» орындайтын бір топ қыздар.

Жүргізуші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен

Маңдайымнан сүйіп жатыр нұр көктем

Жарығымен, шуағымен күн ана

Алып келдің жер бетіне нұр көктем дей келе Инжудің орындауындағы Наурыз-ай әнін қабыл алыңыздар

Жүргізуші:

Осыншама жақсылық,

Алып келдің Наурызым!

Төрлет бізге нұр болып,

Шуақ шашып нұр жүзің!

Кезекті қыздарымыздың орындауындағы «Қазақша биін» қабыл алыңыздар

Жүргізуші:

Наурыз келіп көктем сазы бүлінер

Ойнап келген жас балалар жүгірер

Жаңа жылы қазақ деген ұлы елдің

Наурыз айы шаттықпенен гүлденер


Дәмнен асқан не нәрсе бар жалғанда

Кім боламыз оны ұмыт қалғанда

Пашу шашып көжемізден мінекей

Дәм татындар ал халайық жалғанда

Зарлықтарыңызды тобымыздың Наурыз мерекесіне арнап дайындаған «Наурыз көжеден» дәм татуға пақырамыз



"Әз Наурыз құтты болсын"



Бекітемін:

№20 «Жайна» бөбекжай - балабақшасының

менгерушісі:  Г. Глеубергенова



«Тәуелсіздік –тұғырым!»

«Тәуелсіздік күні»

Тобы: «Балбөбек» ортаңғы

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Тәуелсіздік –тұғырым»!

Мақсаты: Балаларды еліміздің қысқаша тарихымен, мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Желтоқсан оқиғасы арқылы жүздеген жылдар бойы бабаларымыздың армандаған егемендігіне қол жеткізгенімізді, осы тәуелсіздікке қол жету жолында талай боздақтарымыздың жалған айыппен шейіт болғандарын ұғындыру.

Әдісі: Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ – жауап, өлең, ойын, тақпақтар.

Корнекілгі: Қ.Р Рәміздері, «Ту, Елтаңба, Әнұран» суреттері.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті тәрбиешілер, балабақша бүлдіршіндері және қадірменді қонақтар! Сіздерді еліміздің ең үлкен мерекесі Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз! Бүгінгі тәуелсіздіктің 33 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Барша халық таныған

Біздің үміт, тілекті

Шырқалғанда Әнұран

Шаттық кернер жүректі

Олай болса бәріміз орнымыздан тұрып ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындайық.

Біздің Қазақстанымыз туған еліміз, туған жеріміз егеменді ел болып тәуелсіздік алғанына 33 жыл толыпты. Балалар бізге тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ. 1986 жылы 16 желтоқсанда Алматыда үлкен көтеріліс болды. Оған біздің Қазақстанның жасұланымен қыздары қатысқан болатын.

Жастарымыздың ішінде Қ.Рұсқұлбеков, С.Мұхамеджанова, Л.Асанова сынды жаңа ғана бүршік атып келе жатқан талшыбықтай жастарымыздың өмірін көктей үзді. Бұл жастарымыз өз Отаны үшін елдері үшін, туған жерлері үшін ерлікпен қаза тапты. Ендеше балалар осы ағаларымыз бен апаларымызды 1 минут еске алайық. Барлықтарыңыздың орындарыңыздан тұруларыңызды сұраймын.

Желтоқсан – ұлт мерейін тасытқан күн,

Желтоқсан – жас пиғылын жасытқан күн

Желтоқсан – жас жүрекке қайрат беріп

Желтоқсан – ел болуға асыққан күн

Осындай аға - әпкелеріміздің ерліктерінің арқасында біз Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Олай болса

Қайрат Рысқұлбековтың сотқа айтқан сөзінен үзінді.

Жиырма бірде жасым бар

Күнәдан таза басым бар

Бозторғайдай жаным бар

Алам десең алындар

Қайрат деген атым бар

Қазақ деген затым бар

Еркек тоқты құрбандық

Атам десең атыңдар

Ендеше келесі кезекті әнге берейік.

Хор: «Желтоқсан желі»

Балалар айтыңдаршы Отан дегеніміз не?

Балалар: Отан дегеніміз – отбасынан басталады. Отан менің үйім, ата –анам, елім, жерім, біздің отанымыз кең байтақ. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол Тәуелсіз Қазақстан.

!

Енді келесі кезекті әнге берейік. Осындай тәуелсіз, егемен, төрт терезесі тең елімізге ән арнасақ артық етпейді.

Ән: «Достық» Орындайтын: Сұлтан Адина

Тәуелсіздік көптен күткен бақытым

Әзер жеткен баға бермес жақұтым

Өркендей бер пейілі кең қазағым

Қалықтасын көк аспанда бақ құсым – деп келесі кезекті біздің бүлдіршіндеріміздің тәуелсіздік күніне арнаған тақпақтарына берейік.

Әнелъ

Маған қымбат ұлы елімнің

Шешек атқан әр гүлі
Аялайды бәрімізді
Азаттықтың таң нұры
Санжар
Сарыарқаның даласында
Күн шуағын төккен күн
Елім менің, жерім менің
Баққа қолы жеткен күн

Рахым

Жүректе намыс оты лапылдаған
Күш – жігері жастардың сарқылмаған
Отан үшін олар шығып алаңға
Қарсы алып өзендей тасқындаған

Әлинұр

Желтоқсанның қанды суық ызғары
Қалың әскер қазағымды қолдады
Тәуелсіздікті қолдаған жастардың
Отан үшін табандары тозбады
Жарайсындар балалар! Рахмет!

Ішкі жау балағыңнан қаппасын кеп
Сыртқы жау пәле – жала жаппасын тек

Мен әркез отырамын Тәуелсіздік

Қадірін білмегеннен сақтасын деп - келесі кезекте бір топ қыздарымыздың орындауындағы
биін тамашалаңыздар!

Балалар біз білеміз бе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қай жылы бекітілді? /1992 жыл 4 маусым/

ҚР мемлекеттік рәміздерін атайықшы? /Әнұран, Ту, Елтаңба/

Дұрыс айтасындар балалар!

1992 жылғы 4 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Бұл күн ел тарихында жаңа мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталады. Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран мемлекеттің негізгі рәміздері саналады.

Таң арайлап атады

Күн күлімдеп шығады

Шаша берсін шапағын

Тәуелсіздік шуағы

Ән: «Алға қазақ жігіттері» Орындайтын: Бір топ жігіттер

Балалар Елбасымыздың бастамасымен бой көтерген ерке Есіл жағасындағы сұлу да сәнді жаңарған жас қала - Астанада зәулім де салтанатты ғимараттар бар. солардың бірі - Бәйтерек. Бұл Бәйтерек бостандықтың, бейбітшіліктің, бақыттың, достықтың дәлелі мен дәнекері, символы. Ал қырдағы желбіреген Жалауша мен Бәйшешек – сендерсіңдер. Ертең сендер де Бәйшешектен Бәйтерекке айналып Отан жалауын, ел намысын жоғары көтеретін үлкен азамат боласындар. Тәуелсіз Отанымыздың тарихын бүгіннен бастап тани білуіміз керек енді соған байланысты мен сендерге сұрақтар қоямын сендер жауап бересіндер ме, балалар!

Балалар: Иә

Жүргізуші: Ендеше тындайық.

Біз Тәуелсіздігімізді қашан алдық? /1991 жылы, 16 желтоқсанда/

Биыл Тәуелсіздігімізге қанша жыл? /33 жыл/

Елбасымыз кім? /Қ.К.Тоқаев/

Қазақстанның астанасы, бас қаласы қай қала? /Астана/

Дұрыс айтасындар балалар! Ендеше кезекті әнге берейік.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін» Орындайтын: Жангүлім

«Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан» деп елбасымыз айтқандай, кең – байтақ Қазақстан – туған өлкеміз, оны сүйіп құрметтеу – барлығымыздың парызымыз.

Құтты болсын Тәуелсіздік мейрамы,

Құтты болсын Тәуелсіздік мейрамы,
Ол әркімге бейбіт өмір сыйлады.
Аңсаған сан ғасырлық арман болып,
Қол жеткізген шындық жырын жырлады
Қуаныштан қалай кеуде кермеспін
Бұл күнімді бір ғасырға бермесін
Ақ түйенің қарны бүгін жарылды
Тәуелсізбін, егеменмін, дербеспін!

Осымен «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»! атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.
Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп – көп рахмет!

Хор: «Атамекен»

"Тәуелсіздік-тұғырым"



Бекітемін:

№20 «Жайпа» бөбекжай - балабақшасының

менгерушісі:  Г. Тлеубергенова



«Достығымыз жарасқан!»

I Мамыр «Бірлік күні»

Тобы: «Балбөбек» ортаңғы

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»

Максаты: 1 мамыр Қазақстан халықтар білгілі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымаққа, достыққа, Өз Отанын сүйуге, қорғауға, тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Барысы.

-Балалар біздің ұлтымыз қандай?

-Біз қай тілде сөйлейміз?

Қане балалар бәріміз экранға қарайық.

-Сурет арқылы ұлттардың киімдерімен таныстыру.

-Көп ұлтты ел екенімізді таныстырып өту.

-Балалар біздің тобымызда өзге ұлт өкілдерінің балалары жоқ екені.

Балалар біз бір-бірімізбен тату тәтті болуымыз керек, сендер еліміздің болашағысыңдар. Мен сендерді бірлікке, татулыққа шақыра отырып

«Біз елдің болашағымыз» өленін айтуға шақырамын.

Енді олай болса мен сендермен бірге ойын ойнайтын боламыз. Ең алдымен ойынымызды ойнамас бұрын ойын шарттарымен таныстырып өтейін.

Ойын: «Фотоаппарат»

Шарты: Фотоаппарат арқылы әр елдің азаматын тауып, жанына туын бірге тауып көрсету.

Ойын: «Тиісті суретті орналастыр»

Шарты: Әр ұлттың суреттерінің жанына сол ұлтқа қажетті суреттерді орналастыру.

Ойын: «Көгершін құс»

Шарты: Алдарындағы қағаз бетінде тұрған көгершін құсына қағаздан қиып қанаттарын жапсырады..

Жарайсыңдар балалар. Біз әрқашан тату тәтті болуымыз, бір бірімізге қамқор болуымыз керек екен.

Қорытынды

-Балалармен бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

Сау болыңыздар!

"Достығымыз жарасқан"



№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Г.Тілеубергенова



«Қазақстан Республика - менің»

/25 қазан Республика күніне орай спорттық сайыс/

«Балбөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Н.Едігеева

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Қазақстан Республикам - менің»

Міндеті: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Отанды сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдері: түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ – жауап.

Ресурстар: ҚР рәміздерінің суреттері, Елбасы суреті, бала санына тәттілер, жалаушалар, видеоролик, таратпа суреттер, көк түсті шарлар, тапперлер.

Барысы:

балалар шеңбер жасап отырндықтарда отырады.
Көңілді әуенмен басталады.

Тақырыптық суреттерді және видеороликті пайдалана отырып, жаңа тақырыпты түсіндіру.

«Кім шапшаң?» ойынымен бастаймыз.

Мен тақтадағы суреттерді сұраймын. Сендер маған көрсетіп бересіндер. Дұрыс және бірінші көрсеткен балаларға мынадай әдемі гүлдерді сыйлаймын. Ойын соңында алған гүлдерін санап жеңіске жеткені анықталады.

Сұрақтар:

1. Тудың суретін көрсетейікші?
2. Елтаңбаның суреті қайсысы?
3. Президентіміз кім?
4. Бәйтеректің суреті қайда?

«Ту бейнесі» ойыны

Шарты: Көк түсті қағаз бетіне күнді, ою-өрнекті, қыран құсты орналастырып ҚР ту бейнесін жасап шығару.

Сендер осы жердің, Отанымыздың гүлдерісіңдер, сондықтан «Гүлге қону» ойынын ойнайық. **Ойынның шарты:** музыка әуенімен гүлді айналып, билеп жүреді. Музыка тоқтаған кезде 1 гүлдің үстіне 2 баладан қону керек.

Қорытынды

-Балалар, сендер бүгінгі мерекемізге жақсы араластыңдар.

Мадақтау.

Балапанның ортасына Ту мен Елтаңба суреті бейнеленген,
ортасында тәтті бар балаларға таратып беру.

Қазақстан Республикасының Гимнімен аяқтау.

ҚАЗАҚСТАН-ТУҒАН ЕЛІМ, ҰЛЫ ӨЛКЕМ



менгерушісі: **Г.Тасубергенова**



«Өлкенің гүл жайнаған балғындары!»

«1 Маусым балаларды қорғау күні»

Тобы: «Айгөлек» ересек

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын - сауықта олең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

Арманы бір, үні бір
Аға ардақты, іні гүл
Бакыт туын көтерген
Балалардың күні бұл

Жүргізуші:

Армысындар балалар, бармысындар
Жазда келді жайнаған гүлді шындар
Алдыменен алайық амандасып,
Армысындар бәрінде бармысындар!
Ғажайып шак өмірдің бал даурені
Естен кетпес осы кездің ән дәурені
Ертегілер еліндей таңғажайып,
Жоғалмасын балалықтың сән дәурені

Балалар, 1 - маусым 1950 жылдан бастап, Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Біздің Қазақстан Республикасында балалар құқығы заңмен бекітілген. Әр бала, балабақшаларда, мектепте мемлекет тарапынан тегін тәрбие мен білім алуға құқылы. Олай болса №20 «Жайна» балабақшасының көркі де сәні болған бүлдіршіндеріміз! Бүгінгі төл мерекелерің құтты болсын! Болашақтарың жарқын, аспандарың ашық, елімізді өркендетер, келешектің кемеңгері болындар, демекпін.

Біздің №20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы бүлдіршіндерінің 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты мерекелік ертеңгілігіміз өткелі отыр. Ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Жүргізуші:

Ән көмейден құйылды.

Қайғы бұлты шегінді.

Балалар мен дүние

Көрікті де, көңілді – бүгінгі мерекелік іс-шарамызға балалармен көңілді күн өткізуге «Сайқымазақ» келіпті. (Көңілді әнмен Сайқымазақ ортаға шығады)

Сайқымазақ: Тамаша! Қандай көңілді күн десеңші! Бұл не деген мереке? Нені тойлап катырсындар?

Жүргізуші: Бүгін бізде, 1 - маусым балалар күніне арналған үлкен мерекелік шара өтіп катыр. Бізбен бірге тойлағыңыз келсе, қалып тойлауға болады.

Сайқымазақ: Бұл мереке балаларсыз көңілсіз ғой. Қане, мен онда балаларды сикырлы әздерімен ортаға шақырайын (Сайқымазақ өз сөзімен ортаға балаларды шақырады).

Жүргізуші:

Гүздерінен мейірім мен нұр тамар
Алдарында жауказындай құлпырған
Алаңсызда балғын шакты балалар
Шак жая қарсы аламыз сіздерді.
Билеп, әнде бүгін шырқалар.

Ар: «Болашағы біз елдің!»

Жүргізуші:

Ошамызды бала тілмен баурайтын
Ала деген бір бакыт қой самғайтын
Ала-ананын арманы мен тілегін
Ала емес пе бал бұлақтан жалғайтын

Бүгінгі 1- маусым Балалар күніне арналған «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты мерекелік ертеңгілігімізді ашып беру үшін және бүлдіршіндерге мерекелік лебізін білдіру үшін сөз егін балабақша меңгерушісі Тілеубергенова Гүлмира апайға береміз.

Раяна

Басты коссак бәріміз
Біздер елдің сәніміз
Шаттык бакыт қуаныш
Елімізге сыйлаймыз

Ансар

Гүлмен келсін келер күн
Бала бағы бар елдің
Балалардың күлкісі
Көркі-сән әлемнің

Жүргізуші:

Иә, рас, бала болған бәрі де,
Салған олар балалықтың әнін де.
Бала кезін еске алып отырсақ,
Сол емес пе тіршіліктің мәні де – дей келе бір топ жігіттеріміздің орындауындағы «Флешмоб» биін қабыл алыңыздар.

Ата-анамен ойын: «Жұмбақ шешу»

Жүргізуші:

Балалардың бакшасында бүгін той
Балаларды қорғау күні біліп қой
Такпак айтып кезектесіп бір- бірлеп
Кел, қосылып ән шырайық, би билеп
Кезекті тағы да балаларымыздың мерекелік такпактарына берсек

Рахым:

Мен гүлдерді жұлмаймын
Торғайларды күмдаймын
Айтқан сөзді тыңдаймын
Анашымды сыйдаймын

Сұлтан

Бала бала баламыз
Бакшамызға барамыз
Күні бойы қызыққа
Батамыз да қаламыз

Ғаламат

Бізбен бірге бар әлем
Қуанады балаша
Қуанышқа бөленген
Өмір қандай тамаша

Кәусар

Басты коссак бәріміз
Біздер елдің сәніміз
Шаттык бакыт қуаныш
Елімізге сыйлаймыз

Айғаным

Алақай-ау алақай
Той тойлайық балақай
Қызарғанша алақан
Қол соғайық балақай

Сағыныш

Бакыттымыз расында
Ата анаң қасында
Мерекені тойлаймыз
Биді билеп осында

Күнсұлу

Балалармыз баламыз

Жүргізуші:

Жаз да келді көңілді.

Келді гүл мен өрнекпен.

Ел бакыты мерейлі,

Балалары әндетті – мерекелік шашу әнімізді кабыл алыңыздар, Гүлсезім кызымыздың орындаудағы «Атамекен» әні.

Сайқымазак: Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында 1 Маусым - Хатықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілетін «Алақай-балақай» атты балалар шығармашылығына арналған аудандық фестиваліне дайындаған бүлдіршіндеріміздің «Үйшік» ертегісінің қойылымын тамашаланыздар.

Автор: Орманда түлкі мен қоян өмір сүріпті. Түлкінің үйшігі мұздан, ал қоянның үйшігі ағаштан болыпты. Көктем келіп, күн жылынғанда түлкінің үйшігі, әрине, бірден еріп кетті. Жаураған түлкі қоянға келеді.

Түлкі: – Қоян, қоян! Мені үйіне кіргізіші, жылынып алайын!

Автор: Жылпос түлкі осылай алдап-сулап, анқау қоянның үйшігіне кіріп алып, акыры оны үйінен қуып шығады. Қоян жылап келе жатып, иттерге кезігеді.

Ит: – Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты қамығып кетіпсің ғой?

Қоян: – Қалай жыламаймын? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды. Енді міне, баспанасыз тентіреп жүргенім...

Ит: — Жылама! Біз ол оңбағанды қазір-ақ қуып шығамыз!

Автор: Иттер жиналып, қоянның үйіне келеді.

Ит: – Ав, ав, ав! Әй, түлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!

Түлкі: – Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, мен далаға шықсам, сендерге жақсы болмайды ғой! Барлығыңды быт-шыт қыламын!

Автор: – деді түлкі қорқытып. Иттердің үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлап, тайып тұрды. «Үйі жоқтың – күйі жок» деген. Қоян қанғи-қанғи шаршап, тағы да жығлай бастайды. Алдынан аю шығады.

Аю: – Қоян-ау, не болды? Сонша неге жылайсың?

Қоян: – Жыламағанда қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

Аю: – Жылама! Мен оны қуып шығамын.

Қоян: – Жо-ок! Қуып шыға алмайсың. Иттер де қуып шыға алмады.

Аю: – Көресің, қуып шығамын.

Автор: Аю үйшіктің алдына келіп:

Аю: – Түлкі, шық! Босат, қоянның үйін!

Автор: – деп акырады. Түлкі болса пеш үстінен:

Түлкі: – Шықпаймын. Шықсам саған жаман болады. Быт-шытыңды шығарамын!

Автор: деп қорқытты. Аюдың үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлады. Аматы құрыған қоян тағы да жылай бастады. Қараса, жанынан алтын айдарлы әтеш өтіп барады. Қолында күмістей жарқыраған шалғысы бар.

Әтеш: – Қоян, қоян! Неге жылап отырсың? – деп сұрады.

Қоян: – Жыламай қайтемін? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

Әтеш: – Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын!

Қоян: – Жо-жок! Қуып шыға алмайсың! Иттер қуды, қуа алмады. Аю қуды, қуа алмады. Сен де қуа алмайсың!

Әтеш: – Жүр, көрерсің! Қуамын!

Автор: Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.

Әтеш: – Шөп шабамын, шөп шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!

Автор: Түлкі қорқып кетіп:

Түлкі: «Қазір шығамын. Киініп жатырмын»,

Әтеш: – Шөп шабамын, шабамын! Түлкіні іздеп табамын. Қоян үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!

Автор: – деп Әтеш қайта әндете бастайды. Түлкі саскалақтап:

Түлкі: «Қазір-қазір, тонымды киіп жатырмын!».

Автор: Әтеш әнін үшінші рет қайталай бастайды. Түлкінің зәресі ұшып кетеді. Аман-сауын зыта жөнеледі. Сөйтіп, қоян ержүрек әтештің көмегімен қайтадан өз үйінде тұра бастайды.

Жүргізуші:

Бүгін қызық бүгін той
Бәрін оны біліп қой
Ән де салып би бйлеп
Жалғастырысын ойды ой

Би: «Гүлдер биі»

Орындайтын: Бір топ қыздар.

Жүргізуші:

Ақылды балапан бүгінгі
Көркейтер күніңді ертеңгі
Үйренген өнерін көрсетсін
Бүлдіршін балалар белсенді – деп кезекті балаларымыздың мерекеге арналған такпактарына берейік

Айсұлтап

Құттықтаймын сендерді
Балалардың күнімен
Қуаныңдар шаттанып
Күлкі кетпей жүзіңнен

Т.Мансұр

Құтты болсын балалар
Бірінші маусым мереке
Ойнап-күліп шаттанып
Арта берсін береке

Б.Мансұр

Баламыз біз баламыз
Әсем әнге саламыз
Балалардың күнінде
Мерекеге бармыз

Б.Әлихан

Бізбен бірге бар әлем
Қуанады балаша
Қуанышқа бөленген
Өмір қандай тамаша

Айнұры:

Бүгін шаттық мереке
Кел балалар тойдайық
Қол ұстасып біз бірге
Асыр салып ойнайық

Болмасыншы қайғы мұн
Би билейік ән салып
Мерекені тойлайық
Бар әлемге жар салып

С.Әлихан

Балалармыз жаны бір
Балалармыз әні бір
Мерекенің кезінде
Қуанатын бәрі бір

Аян

Құтты болсын мереке
Бүгін міне кеп жеткен
Аман болсын балалар
Жанымызды тербеткен

"Өлкенің гүл жайнаған балғындары!"

